

**С.Д.Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтын**

**С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университеті етіп қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 тамыздағы N 978

Жаңа негізде медицина кадрларын сапалы даярлау жүйелерін жетілдіру мен дамыту мақсатында, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Білім беру туралы", "Жоғары білім беру туралы" және "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, алдыңғы қатарлы шет ел тәжірибелерін ескеріп және Қазақстан Республикасы жоғары білімінің бекітілген тұжырымдамасы мен жалпы білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. С.Д.Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институты 1996 жылға бөлінген қаражат шегінде қолданылып жүрген қаржыландыру тәртібі сақтала отырып, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университеті болып қайта құрылсын.

2. Жаңадан құрылған С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің құрамына Қазақ дәрігерлер білімін жетілдіру институты, Республикалық орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау медицина колледжі, Алматы қалалық медицина колледжі, Талғар медицина колледжі және Талдықорған медицина колледжі енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім министрлігі жаңадан құрылған С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің құрамынын, мамандықтар тізбесін, профессор-оқытушы құрамының санын айқындасын және оның Жарғысын белгіленген тәртіппен бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдерімен бірлесіп жаңадан құрылған С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің клиникалық және оқу базаларының тізбесін айқындасын.

5. Алматы қаласының әкімі С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту және студенттер мен профессор-оқытушы құрамының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар көздесін.

6. С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің басшылығы оқу жоспары мен бөлімшелерінің құрылымын оларды оңтайландыруды ескере отырып қайта қарасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК